

№1 Мектепшілік ата-аналар жиналыс

ХАТТАМАСЫ

Күні: 24.08.2024 жыл. Уақыты 10:00

Қатысқандар: мектеп директоры Алиева Г.С, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.М.Каепов, психолог Арынггазина Д.Д, Кемелова А.Б әлеуметтік педагог Жұмабаева А. А, мектептің ата-аналары

Қатысқан ата-аналар саны: 83 ата-ана

Өткізілу орны: мектептің АКТ залы

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Мектептің жаңа оқу жылына дайындығы.
2. “Мектепке жол” акциясы бойынша жасалып жатқан жұмыстар.
3. Мектеп формасына қойылатын талаптар.
4. Әр түрлі мәселелер
5. Тренинг

Барысы:

Сөз алды: Мектеп директоры: Алиева Г.С құрметті ата-аналар. Бүгін жаңа 2024-2025 оқу жылындағы алғашқы мектепшілік ата аналар жиналысын ашып отырмыз. Қаралатын мәселелер: Мектептің жаңа оқу жылына дайындығы. “Мектепке жол” акциясы бойынша жасалып жатқан жұмыстар және мектеп формасына қойылатын талаптар.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.М.Каепов
1-мәселе. «Мектеп формасына қойылатын талаптар» тақырыбында слайд арқылы қысқаша баяндама оқып шықты.

МЕКТЕП ФОРМАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

ҚР «Білім туралы» Заңының 49- бабы 2-тармағына сәйкес АТА-АНАЛАР мен өзге де заңды өкілдер:

- білім беру ұйымының жарғысында айқындалған ережелерді;
- білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп нысанына қойылатын талаптарды

орындауға;

- білім беру ұйымында белгіленген киім нысанның сақтауға;
- бағалардың оқу орнындағы сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. ҚР «Білім туралы» Заңының 47-бабының 15-1-тармағына сәйкес орта білім беру ұйымдарында

ОҚУШЫЛАР білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын

талаптарды сақтауға міндетті.

3. Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар, атааналар мен оқушылардың міндеттері мектеп жарғысында, сондай-ақ білім беру қызметтерін көрсету туралы келісімдерде әрбір оқушының ата-аналары мен заңды өкілдері қол қойған ішкі тәртіп Ережелерінде бекітілген.

4. Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 409-бабының 2-тармағына сәйкес ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдеріне білім беру саласындағы заңнама нормаларын сақтамаған жағдайда ескерту немесе айыппұл салынады. Ішкі тәртіп ережелерінің талаптарын орындамағаны үшін мектеп әкімшілігі

тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

БІЛІМ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2007 ЖЫЛҒЫ 27 ШІЛДЕДЕГІ ЗАҢЫ 5 БАП 39 ТАРМАҚЫ «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5 - бабының 39-тармағына сәйкес орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді. Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен бекітілген.

☞ Ұлдардың мектеп формасы:

пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

☞ Қыздардың мектеп формасы:

пиджак, жилет, юбка, шалбар, класикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

2-мәселе.

а)Білім алушылар ауа райына байланысты екі аяқ киіммен келуі керек.(сәкі жуатын кісілерге құрметіңіз деп біліңіз!)

Әлеуметтік педагог Жұмабаева А.А.:

Мектепке жол акциясы бойынша жасалып жатқан жұмыстар.

2024-2025 оқу жылына Жалпыға бірдей білім беру қорынан жылына бір рет берілетін, көп балалы, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға киім-кешек, оқу құралдары түрінде көрсетілетін көмек түріне өтініштер қабылданды, Өтініш беруші ата-ана әлеуметтік мәртебесін растайтын тиісті құжаттары тапсырылғаннан кейін мектептің 70 оқушысына, яғни 25 отбасыға әлеуметтік көмек көрсетілді.

Акция шенберінде көп балалы және аз қамтылған отбасыларының балаларына мектепке бару үшін мектеп формасы және мектепке қажетті оқу құралдары түрінде көмек көрсетіліп жатыр.

2024-2025 оқу жылы 1-4 сынып оқушылары тегін тамақпен қамтылады.

Ал әлеуметтік мәртебесі төмен 5-11 сынып оқушылары құжат тапсыру бойынша тегін тамаққа ілігеді.

Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары берілген, яғни жалпы өтініш беруші көрсетілетін қызметті алу үшін қажетті құжаттарды тапсыру қажет.

Тегін тамаққа құжат қабылдау оқу жылы бойы қабылданады.

Шешімі:

1. 2024-2025 оқу жылында мектепшілік комитетінің жұмысы жалғастырылып, мектеп өміріне белсене қатыссын;
2. Оқушылардың мектеп формасының ережелері сақталынсын және қадағалансын;
3. Мектепке жол акциясы бойынша жасалып жатқан жұмыстар жалғастырылсын;

Хатшы:



Искакова С.Б